

Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы және қызмет көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 мамыр N 504. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.30. N 373 қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы және қызмет көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 7 мамырдағы

N 504 қаулысымен

бекітілген

Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы және қызмет көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасаумен және қызмет көрсетумен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға қолданылады және мыналарды қамтиды:

1) өтініш берушінің (өтініш беруші басшысының) Қазақстан Республикасының аумағында валюта операцияларын жүргізу тәртібін реттейтін заңнаманы меңгеруі;

2) өтініш берушінің қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы және қызмет көрсетуді жүзеге асырумен тікелей айналысатын қызметкерлерінде олардың қолма-қол шетел валютасымен жұмыс жүргізуге кәсіби дайындығын растайтын уәкілетті банктің анықтамасының болуы;

3) өтініш берушінің ақша түсімінің инкассациясын ұйымдастыруы;

4) ақша белгілерінің түпнұсқа екендігін анықтайтын құралдардың, фискальды жадысы бар бақылау-кассалық машиналардың, жанбайтын шкафтардың болуы;

5) тұрақты объектілер үшін - мынадай түрде жабдықталған касса үй-жайының
б о л у ы :

кірер есіктің металдан жасалуы;
тор көздері 150 x 150 мм-ден аспайтын мөлшерде, диаметрі кемінде 16 мм
болат сымдардан жасалған ішкі торлы есіктің болуы (осыған ұқсас мықты деп
саналатын ою-өрнекті торларды пайдалануға рұқсат етіледі);

ішінен жабылатын касса терезесінің немесе ақша қабылдауға-өткізуге
арналған арнайы құрылғының болуы;

терезе жақтауы болса - терезе жақтауында 150 x 150 мм-ден аспайтын
мөлшерде, диаметрі кемінде 16 мм болат сымдардан жасалған тор көздерінің
болуы (осыған ұқсас мықты деп саналатын ою-өрнекті торларды немесе оқ
өтпейтін әйнекті пайдалануға рұқсат етіледі);

ішкі істер органдарының орталықтандырылған байқау пультіне қосылған
қауіп және күзет дабылмен (касса бөлмесі орналасқан күзет үйіндегі орынға қосу
мүмкін болмаған жағдайда), сондай-ақ өрт дабылымен жабдықталуы.